


Мұғалімнің сабақ жоспары

Киелі кітап уақытының 0-ден 4-ке дейінгі деңгейінің

А бөлімінің B3 және B4 сабақтары



Киелі кітаптан білім беру қызметтері (КБҚ)

Ұлыбританияда тіркелген қайырымдылық қоры (CIO 1186004)

КБҚ-ның миссиясы:

Иса Мәсіх туралы ақиқатты келер ұрпаққа таныстыру үшін, Киелі кітап сабақтарын бүкіл әлем бойынша жарыққа шығару.

КБҚ-ның аян-мақсаты:

Осындай қызметке бағышталған серіктестердің жаһандық желісін дамытып және қолдай отырып, жас ұрпаққа өз ана тіліндегі толық оқу жоспарымыз арқылы ақиқатты жеткізу.

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Киелі кітаптан білім беру қызметі не істейді?

Киелі кітаптан білім беру қызметі ағылшын тілінде Киелі кітап уақыты, Bibletime Going Deeper (бұрынғы NewLife) және Егін орушылардың Киелі кітабы сабақтарын баспадан шығарады. Сондай-ақ, пошталық Киелі кітап мектептері және Ұлыбритания мен шетелдерде КБҚ сабақтарын қолданып жүрген ұйымдарға қолдау көрсетеді. Біз мұны желі арқылы, кеңес беру, тренингтер өткізу, оларға бару арқылы жүзеге асырамыз. Дәл қазір КБҚ басқа елдерде осы сабақтарды аударып, дизайнын жасап, оларды баспадан шығарып, таратумен айналысып жатқан топтармен серіктесе отырып қызмет етіп жатыр. Бұл сабақтар барлық оқырмандарға тегін таратылуы тиіс.

Киелі кітап уақытының сабақтары алғаш рет 50 жыл бұрын оңтүстік Ирландияда қолданылды. Киелі Кітаптан білім беру қызметі Киелі кітап уақытының сабақтарын ағылшын және барлық басқа тілдерде басып шығару жауапкершілігін атқарады. Киелі кітап уақытының сабақтары әдетте А4 форматында басылып шығады. Бұл оқушыларға әрбір төрт апта сайын сабақтарын бағалау үшін Киелі кітап Мектебі Орталығына жіберуге мүмкіндік береді. Жуырда Белфасттағы Эври Хоум Крусейдтің (Қайта өрлеу қозғалысы) арқасында сабақтар А5 форматында басылып шықты. Оны қауымдар мен мектептерде, әсіресе, пошта қызметі нашар дамыған елдерде қолдану әлдеқайда оңайырақ болды.

КБҚ сабақтары үйде немесе топпен (қауымда/мектепте) өтуге болатындай ерекше жасалынған. Оқушылар оны 20 жылға дейін оқи берулеріне болады. Сол үшін жоспарланған силлабусы да бар. Сабақтардың бес деңгейі әрбір жас тобына арналған: мектепке дейінгі, 5-7 жас, 8-10 жас, 11-13 жас, 14-16 жас аралығындағы топтар үшін қолжетімді сабақтар. Әрбір жас тобына арналған үш жылдық силлабусы бар. Жас топтары әр түрлі қабілет деңгейлеріне байланысты өзгеруі мүмкін. Киелі кітап уақыты ресурстары балалардың Киелі кітапты үйренулеріне және оның бүгінгі күні адамдардың өмірінде өзектілігі туралы ойлануларына мүмкіндік береді.

Сабақтардың көшірмесін КБҚ-ның веб-сайтынан www.besweb.com немесе Эннискиллендегі КБҚ офисінен алуға болады. Веб-сайтта басқа тілдердегі аудармасын да табуға болады. Егер бізбен серіктес болғыңыз келсе, КБҚ-ның веб-сайтынан бұл жөніндегі құжаттарды көруге болады.

КБҚ-ның байланыс мекен-жайы

КБҚ офисі (ағылшын тіліндегі барлық сабақтардың қоймасы):

37а Белмор к-сі, Эннискиллен, Солтүстік Ирландия, BT74 6AA

Телефоны: 02866 322462

Эл.пошта: info@besweb.com

Веб-сайт: www.besweb.com

Мұғалімнің сабақ жоспары

Мұғалімнің сабақ жоспары Киелі кітап уақытының сабақтарын қолданып жүрген мұғалімдерге сыныпта/топта оқытуға арналған ұсыныстар мен идеялармен қамтамасыз ету үшін жасалған. Бұл кітапшада олар 0-ден 4-ке дейінгі деңгейлерде қолдану үшін жасалған.

Әрбір сабақтың жоспары Киелі кітап уақытының сабағындағы Киелі кітап сілтемелерімен бірдей жүреді және олар апта сайын пайдалануға арналған. Сәуір айының сабақтары Қайта тірілу мейрамына байланысты және желтоқсан айының сабақтары Исаның туылу күніне негізделіп ерекше өтеді.

Әдетте топ/сынып мұғалімі әр аптада бір айға берілген А4 сабақтарын өткізеді. Егер қажет болса, олар еркін оқу уақытын өткізе алады. Айдың соңында мұғалімдер сабақтарды жинап алып, оларды тексеріп, оқушыларға қайтарып береді.

Мұғалімдерге арналған дайындық

Мұғалім Киелі кітап уақытының сабақтарын қолданғанда, өзінің тобындағы оқушыларға қолайлы идеялар мен инициативаларды пайдалана алады. Келесі ұсыныстар осы ресурсты пайдалануға көмектеседі:

- **Әңгімемен таныс болыңыз.** Мұғалім Киелі кітаптағы әңгімемен және онымен бірге жүретін Киелі кітап уақытының сабақтарымен мүмкіндігінше таныс болғаны жөн. Негізінде Киелі кітап уақытының сабағын сабақ басталмай тұрып, мұғалімнің өзі орындауы қажет. Сабақ жоспарлары да сабақтарды жоспарлауға көмекші құрал ретінде мұқият қарастырылуы қажет.
- **Үйретілуге тиісті сабақты түсініп алыңыз.** Әрбір сабақтың жоғарғы жағында «Біздің үйренетініміз» деген жазу және оның астында үйренетін нәрселердің тізімі бар. Балалар мұғалімнің сабағынан кейін және Киелі кітап уақытының сабағын аяқтағанда осы нәрселерді үйреніп алады деп үміттенеміз.
- **Таныстыру.** Барлық сабақта біз әр түрлі жағдайларға байланысты балалардың қандай тәжірибелері бар екенін білуден бастаймыз. Біз балаларға әңгіменің ең басын талқылауға белсенді қатысулары үшін әңгімені таныстырудың әр түрлі жолдарын ұсындық.
- **Үйрету.** Біз әңгімедегі негізгі ойларды алдын ала беріп қойдық. Әңгімені үйрету барысында оларға сілтеме жасаудың қажеті жоқ, бірақ олар пайдалы нұсқаулық болып табылады. Оларды шабыттандыратын қызықты жолдармен үйретуді көздеңіз. Балалардың назарын аудартып, негізгі ойды түсінулеріне көмектесіңіз. Ол үшін жайлы дауыс ырғағымен сөйлеп, олардың не үйренгендерін тексеру үшін сұрақтар қойыңыз.
- **Көрсетіңіз.** Кейбір жағдайларда көрнекілік құралдарын табу қиын болғанымен, балалардың әңгімені жақсы түсінулері үшін мүмкіндігінше суреттер немесе көрнекілік құралдарын пайдаланған маңызды. Көптеген сабақтарда www.freebibleimages.org (FBI) веб-сайтынан жүктеп алуға болатын суреттер жайлы ақпарат берілген. Әңгімеге/оқуға арналған бұл тікелей сілтемелер кітапшаның соңында берілген А, В және С қосымшаларында жазылған.
- **Үйрену.** Әрбір әңгімеге негізгі аят бекітілген. Осы аяттарды естіп, үйрену балалардың Киелі кітаптағы сөздерді тереңірек білуіне көмектеседі.
- **Аяқтау.** Әдетте мектепте мұғалім оқушылардың жұмысты орындау қабілетін және өз жағынан қаншалықты көмек керек екенін біледі. Кейбір балалар үшін мұғалім сабақта өтетін мәтінді оқып шығуы қажет, өйткені оқушылар өздеріне таныс әңгімеге еріп отырады. Басқа балалар мәтінді өз бетінше оқи алады. Қандай тәсілді қолдансаңыз да, сабақтың қызықты өтуін қадағалаңыз және балаларды еңбектері үшін мақтауды ұмытпаңыз.
- **Қайталау.** Үйренуге көмек болсын деп, тақырыпты қайталау құралы ретінде сөзжұмбақтар мен ойындар, драмалық көріністер ұсынылған.
- **Өмірге қолдану.** Бұл бөлімнің тақырыбы «Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?» деп аталады және осы шақыруға қалай жауап беретініміз жөнінде жеке әрі топтық жұмыстар берілген.



АТЫ:

К.Б.Қ.


Бұл бейнесіндегі бұл кейіпкер Мысырдан шығу кітабының 13-тарауындағы 21-22 аяттарға негізделіп алынған және Құдайдың қатысын білдіреді. Киелі кітап уақыты әңгімелерінде ол - даналықтың қайнар көзі, өйткені ол «Сұрақ» деген кейіпкерге Құдай туралы үйретіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Ол - бәрімізді Құдайдың Сөзін, яғни, Киелі кітапты терең түсініп оқуға жігерлендіретін мейірімді, жылы жүзді кейіпкер.



АТЫ:

СҰРАҚ


Сұрақ - ізденімпаз әрі терең ойланатын кейіпкер. Оның өте көп сұрақтары бар және сұрақ беруден қорықпайды. Ол өзінің сұрақтарына жауап табуға көмектесетін К.Б.Қ мен Нұр атты достарына дана әрі жігер беретін тәлімгерлер ретінде қарайды. Солай істей отырып, ол бәрімізге ең керемет дос болатын Исаны табуға көмектеседі.



АТЫ:

ҮЗІЛІС

Үзіліс – қуанышты әрі көңілді кейіпкер. Ол сөйлемейді, бірақ үзіліс жасайтын уақытты білдіреді. Сөйтіп, біз осыған дейін үйренген нәрселер туралы ойлана аламыз. Сондай-ақ, біз мұқият ойланып болғаннан кейін, Үзіліс біздің жаттығу жасауымызға немесе сұрақтарға жауап беруге кірісу қажеттігін есімізге салады.



АТЫ:

НҰР

Шам бейнесіндегі бұл кейіпкер 118-ші Забур жырындағы 105 аятпен байланысты. Ол Исаға арнап, «шам-шырақтай нұрын шашады». Ол К.Б.Қ-мен бірге Сұрақ кейіпкеріне және бізге Киелі кітаптың Құдай берген нұсқаулық екенін түсінуге көмектеседі. Ол бізге Құдаймен және басқалармен қарым-қатынаста тұрып, Ізгі хабардың шындығына қалай куәгер болуды көрсетеді.

Киелі кітап уақытының силлабусы

	0-деңгей (мектепке дейінгі жас) 1-деңгей (5-7 жас) 2-деңгей (8-10 жас)	3-деңгей (11-13 жас)	4-деңгей (14 жастан жоғары)
БАСТАУШЫ БӨЛІМДЕР	Бастаушы сабақ. Кіріспе.	Бастаушы сабақ. Кіріспе.	Бастаушы сабақ. Кіріспе.
А БӨЛІМІ	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жаратылыс 2. Нұх 3. Петір 4. Петір. Айқыш 5. Ыбырайым 6. Ыбырайым 7. Петір 8. Петір 9. Жақып 10. Ерте кездегі мәсіхшілер 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жаратылыс 2. Нұх 3. Петір 4. Петір. Айқыш 5. Петір 6. Ыбырайым 7. Жақып 8. Мінажат 9. Пауыл 10. Пауыл 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жаратылыс пен күнәға бату 2. Ерте кездегі дамулар – Жаратылыстың басталуы 3. Петір 4. Петір. Айқыш 5. Петір 6. Ыбырайым 7. Жақып 8. Мәсіхшілік өмір 9. Пауыл 10. Пауыл 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме
В БӨЛІМІ	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхтің өмірі 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Астарлы әңгімелер 6. Жүсіп 7. Жүсіп 8. Исаны кездестірген адамдар 9. Мұса 10. Мұса 11. Мұса 12. Исаның туылуы туралы әңгіме 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Астарлы әңгімелер 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Ерте кездегі мәсіхшілер 6. Жүсіп 7. Жүсіп 8. Ізгі хабарды жазушылар 9. Мұса 10. Мұса 11. Мұса 12. Исаның туылуы туралы әңгіме 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Астарлы әңгімелер 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Ерте кездегі мәсіхшілер 6. Жақып пен оның отбасы 7. Жүсіп 8. Елш.іст. 2:42. Алдағы жол 9. Мұса 10. Мұса 11. Заң 12. Исаның туылуы туралы әңгіме
С БӨЛІМІ	<ol style="list-style-type: none"> 1. Даниял 2. Тағы басқа кереметтер 3. Исаны кездестірген адамдар 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут және Самуил 6. Дәуіт 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Жүніс 12. Исаның туылуы туралы әңгіме 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Даниял 2. Исаны кездестірген адамдар 3. Тағы басқа кереметтер 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут 6. Самуил 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Құдай қолданған адамдар – Көне Өсиет 12. Исаның туылуы туралы әңгіме 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Даниял 2. Исаның сөздері 3. Жаратқан Иенің күдіреті 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут 6. Самуил 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Көне Өсиеттегі басқа кейіпкерлер 12. Исаның туылуы туралы әңгіме

В3 1-әңгіме
Исаның айтқанын тыңдау / Исадан үйрену

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Басқаларды тыңдауға уақыт бөлу өте маңызды. • Мәсіхшілер үшін Исаға құлақ түрудің орасан зор маңызы бар. Бұл Киелі кітапты оқу арқылы жүзеге асады. <p>Негізгі аят: Лұқа 10:42 Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 10:38-42</p>
ТАНЫСТЫРУ	<p>Бір идеяны таңдаңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қонақ күтетін кезде отбасы мүшелерінің қалай дайындалатыны жайында әңгімелесіңіз. Мысалы, тамақ әзірлеу, үй жинау, т.б. • Балаларға таныс орта, мұқият көңіл бөлу, тыңдаудың маңыздылығы туралы сөйлесіңіз. Мысалы, жаңа дағдыларды үйренген кезде, біреуден бағыт - бағдар сұраған жағдайда, т.б. • Кішкентай топта «Сынған телефон» ойынын ойнауға болады. Жетекші бірінші тұрған баланың құлағына жасырған сөзін сыбырлап айтады, ол келесіге, келесі бала өзінен кейін тұрғанға сыбырлап, ойынды жалғастырады. Соңғы бала естіген сөзін дауыстап айтады. Бұл ойын жақсы тыңдаушы болудың маңыздылығын көрсетеді. Мұны мұқият тыңдауға уақыт бөлген бір кісі туралы айтылатын бүгінгі әңгімемен байланыстырыңыз.
ҮЙРЕТУ	<ul style="list-style-type: none"> • Марта мен Мәриям Исаның жақсы достары болды. Бір күні Марта Иса мен Оның шәкірттерін тамаққа шақырды. Олардың қонақты күтуге қалай дайындалғаны жөнінде балалардың ойын сұрап біліңіз немесе жоғарыдағы бірінші идеямен байланыстырыңыз. Қонақтардың келгенін балалардың көз алдына елестетіп көріңіз. (Лұқа 10:38) • Мартаның жұмысы әлі де көп болды. Ол тамақ әзірлеп жүгіріп жүргенде, оның сіңлісі Мәриям Исаның аяқ жағына отырып алып, Оның айтқан сөздерін тыңдап, Оның тәлімінен үйренді. Мартаның қандай сезімде болғанын түсіндіріңіз. Мүмкін, балалар мұны түсінер. Мартаның айтқан сөздерін дәлме-дәл айтып беріңіз. (Лұқа 10:39-40) • Иса Мартаға мейіріммен жауап берді. Оған уайымдап, мазасызданудың қажет емес екенін айтты. Мартаның Исаға дәмді тамақ пісіріп бергісі келген қалауында еш жамандық жоқ екенін, бірақ мұның сондай маңызды емес екенін түсіндіріңіз. Олардың қайсысы дұрыс әрекет етті? Әрине, Мәриям! Иса Мәриямның игілікті жағын таңдап алғанын және мұны одан ешкім айыра алмайтынын түсіндірді. (Лұқа 10:41-42) • Мәриям қандай игілікті нәрсені таңдады? Бұл - Исаны тыңдау. Мәсіхшілер Киелі кітапты оқып, үйрену арқылы Исаны тыңдауға уақыт арнауудың маңызды екеніне сенеді. Сонда олар Исаны жақынырақ танып, Оған ненің ұнамды екенін біле алады. Көптеген мәсіхшілер Киелі кітапты оқып, мінажат еткенде, Құдаймен ерекше уақыт өткізеді. Мұндай кездер кейде «Тыныш уақыт» деп те аталады. <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Исаны тыңдау/Исадан үйрену</p>
ҮЙРЕНУ	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Лұқа 10:42 Мәриямның жасаған маңызды таңдауын тағы бір рет қайталап, бекітіңіз.</p>
ЕСТЕ САҚТАУ	<p>Әңгімені қайталау үшін балаларға мына сұрақтарды қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Апалы-сіңлілер қайда тұрды? • Марта Кімге шағымданды? • Қонақтар кімдер еді? • Мәсіхшілер апалы-сіңлілердің қайсысынан үлгі алуы тиіс? • Апалы-сіңлілердің қайсысы Исамен уақыт өткізді? • Апалы-сіңлілердің қайсысы Исаға қызмет еткісі келді? • Мәсіхшілер Исаны қалай тындай алады? • Марта не үшін ашуланды?

В3 2-әңгіме
Иса арқылы өмір сүру

	<p>Біздің үйренетіміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Исаның Елазарды өлімнен қайта тірілтетін құдіреті бар еді. • Исаға сенетін әркімге Ол мәңгілік өмір беретініне мәсіхшілер сенеді. <p>Негізгі аят: <u>Жохан 11:25</u> Киелі кітаптан үзінді: <u>Жохан 11:1-7, 17-44</u></p>
ТАНЫСТЫРУ	<ul style="list-style-type: none"> • 1-деңгей. Балалармен бірге отбасы және ағайындылар туралы әңгімеленің. Ағайынды немесе әпкелі – сіңлілі болудың қандай жақсы жақтары бар? Балалардан өткен аптадағы әңгімеден апалы-сіңлілердің есімдерін естерінде сақтаған не сақтамағанын сұраңыз. Елазардың кім екенін таныстырыңыз. • 2-деңгей. Өмірде бәрі өзіміз жоспарлағандай бола бермейді. Кейде біз күтпеген жағдайлар болып жатады. Иса бәрін Өз бақылауында ұстайтынына және барлық жағдайды біздің игілігімізге айналдыратынына мәсіхшілердің сенетінін бөлісіңіз. Бүгінгі әңгімеде Мәриям мен Марта өте қиын жағдайға тап болды.
ҮЙРЕТУ	<ul style="list-style-type: none"> • Мәриям мен Мартаның бауыры Елазар қатты ауырып жатты. Олар Исаның жандарында болғанын қалап, Оған хабар жіберді. Олар Исаның Елазарды сауықтыра алатынын білді, бірақ Иса келмеді. Олар қандай сезімде болды екен? Мәриям мен Марта Исаның іс - әрекетін түсінбесе де, Ол бұл жағдайды бақылауында ұстағанын және Ол ненің жақсы болатынын білгенін түсіндіріңіз. (Жохан 11:1-6) • Көп уақыт өтпей-ақ Елазар қайтыс болды. Оны ақ бәтеске орап, үңгірдің ішіне қойып, оның аузын үлкен тас қақпақпен жауып қойды. Біз мұны қабір деп атаймыз. Дәл қазір Марта мен Мәриямның қандай сезімде болғанын балалармен бірге зерттеңіз. Төрт күн өткеннен кейін Марта Исаның келгенін естіп, Оның алдынан шықты. Иса оған Елазардың қайтадан тірілетінін түсіндірді. Исаның айтқан сөздерін пайдаланыңыз. (25-аят) Қайта тірілу деген өлген адамды өмірге келтіре алатын құдіретті күш екенін түсіндіріңіз. Мәсіхшілер үшін мұндай құдірет Исадан басқа ешкімде жоқ. (Жохан 11:17-27) • Біраздан соң Иса Мәриям және Мартамен бірге Елазар жатқан қабірге барды. Иса қайғырып, көзіне жас алды. Содан кейін Ол адамдарға қабірдің аузындағы қақпақ тасты алып тастауларын айтып: «Елазар, шық!» - деп қатты дауыспен бұйырды. Елазар әлі де кебінге оралған күйі қабірден шыққанда, сол жерде тұрғандардың бәрі қатты таңғалды. Сол күні Иса Елазарды өлімнен қайта тірілте алатын құдіреті бар екенін дәлелдеді. Оның жасаған кереметтері адамдарға Исаның құдіретті әрі ерекше екенін білуге көмектесті. Осы жағдай арқылы Исаның оларға үйреткен барлық сабақтары жайында сөйлесіңіз. Мысалы, Оның Өз уақыты, олардың қайғысына ортақтасқаны, Оның құдіреті, барлығы Оның бақылауында екені, т.б. Егер Иса Елазар өлмей тұрып келсе, мұндай таңғажайып кереметтің болмайтынын да ескертіңіз. • Мәсіхшілер Исаның өлімнен үстем құдіреті бар екеніне сенеді. Ол мұны Елазарды өлімнен тірілтіп, өмір сыйлаған кезінде дәлелдеді. Мәсіхшілер Исаға сенім артса, Ол мәңгілік өмірді беруге уәде етеді. <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Иса арқылы өмірге ие болу.</p>
ҮЙРЕНУ	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Жохан 11:25 Иса: «Менмін»,- деп айтқан кезде, Өзі туралы өте маңызды шындықты ашатынын түсіндіріңіз. Балалардан Исаның Өзі туралы: «Менмін...»,- дегенде тағы не айтқысы келетінін сұрап біліңіз.</p>
ЕСТЕ САҚТАУ	<p>Әңгімені қайталау үшін балаларға келесі сұрақтарды қойыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кім қатты ауырып жатты? • Иса келгенге дейін қанша күн өтті? • Исаның алдынан апалы - сіңлілердің қайсысы шықты? • Иса Мартамен сөйлесіп тұрған кезде, Өзі туралы не деді? • Иса Елазардың қабіріне келгенде, қандай сезімде болды? • Ол қандай сөздер айтты? • Сол күні Иса бәрінің алдында нені дәлелдеді? • Мәсіхшілер мәңгілік өмір туралы қандай шындыққа сенеді?

В3 3-әңгіме
Исаға деген сүйіспеншілік

	<p>Біздің үйренетіміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мәриям өзінің іс-әрекетімен Исаға деген сүйіспеншілігін көрсетті. • Иса мәсіхшілерді сүйгендіктен, олар да Исаға деген өз сүйіспеншіліктерін көрсеткісі келеді. <p>Негізгі аят: 1 Жохан 4:19 Киелі кітаптан үзінді: Жохан 12:1-11</p>
ТАНЫСТЫРУ	<p>Біреуге риза болғанда, бергісі келетін сыйлық жайында әңгімелесіңіз. Мүмкіндік болса, мысал ретінде жергілікті мәдениетке тән бірнеше сыйлықтарды көрсетіп, оларды кімге беруге болатынын айтыңыз.</p> <p>Өткен аптадағы сабақты балалардың естеріне түсіріп, оларға Мәриям, Марта мен Елазардың Исаға қаншалықты риза болғанын ескеріңіз.</p>
ҮЙРЕТУ	<ul style="list-style-type: none"> • Мәриям, Марта, Елазар Исаның құрметіне қонақасы беруді ұйғарды. Мынадай көріністі сипаттаңыз: үйдің іші қонаққа лық толы, Елазардың өңі жақсы, дені сау, Иса - ең құрметті қонақ, Марта қызмет етіп жүр. (Жохан 12:1-2) • Қонақасы кезінде Мәриям қолына өте қымбат иісмайды ұстап, Исаның жанына келді. Ол иісмайды бірден Исаның аяғына құйып, шашымен сүртті. Қонақтар иіс майдың аңқыған иісін сезіп, не болып жатқанын білу үшін жалт қарады. Бәрінің көзі Мәриямда болды. Мәриям Исаны қатты жақсы көргендіктен, осылай жасағанын түсіндіріңіз. Ол Исаны басқалардың бәрінен жоғары бағалады. (Жохан 12:3) • Исаның шәкірттерінің бірі Яһуда Мәриямның неліктен қымбат иісмайды төккенін түсіне алмады. Ол үшін бұл әрекет ысырапшылдық болатын. Яһуданың айтқан сөздерін жеткізіңіз және оның өзі сараң әрі ұры болғанын түсіндіріңіз. (2-деңгейдің сабағы) (Жохан 12:4-6) • Яһуда мен Мәриямның Исаға деген көзқарастары әр түрлі болды. Яһуда Исаның ұлылығын мойындамады және оның жүрегінде Исаға деген сүйіспеншілік болмады. Ал Мәриям үшін Иса қымбат болды және ол Исаны қатты жақсы көрді. Иса Мәриямның әрекетіне риза болды. (Жохан 12:7-8) Бүгінгі күні мәсіхшілер Мәриямнан үлгі алуға тырысады. • Мәсіхшілер үшін Исаның айқыштағы өлімі - Оның сүйіспеншілігінің белгісі. Оның сүйіспеншілігіне жауап ретінде олар Исаға сенім артып, сиынып, Онымен уақыт өткізіп, Оның сөзін оқып, Оған мойынсұнып, Ол туралы басқалармен бөліседі. <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Исаға деген сүйіспеншілік</p>
ҮЙРЕНУ	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. 1 Жохан 4:19 осы аяттағы «Ол» дегеннің Кім екенін балалар қалай түсінетінін тексеріңіз. Құдайдың бізді сүйетінінің нәтижесі ретінде біз де басқаларды сүйе алатынымызды түсіндіріңіз.</p>
ЕСТЕ САҚТАУ	<p>Әңгімені қайталау үшін балаларға мына сұрақтарды қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қонақасы қайда берілді? • Қонақасында ең маңызды қонақ болған Кім? • Мәриям не істеді? • Мәриям мұны неліктен істеді? • Яһуда Мәриямның иіс майды Исаның аяғына құйғанын көріп, не деді? • Мәсіхшілер Исаны неліктен жақсы көруі тиіс?

В3 4-әңгіме
Исаны мадақтау / Исаға қарау

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> ● Мәсіхшілер Исаның ерекше екеніне сенеді. Ол – патшалардың Патшасы. ● Мәсіхшілер – Исаны өмірлеріне кіргізген адамдар. <p>Негізгі аят: Жохан 1:12 Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 19:28-44</p>
ТАНЫСТЫРУ	<p>Маңызды қонақтарды қалай қарсы алатынымыз жөнінде сөйлесіңіз. Мысалы, президент, министр, атақты спортшы, мектепке келген қонақтар, т.б. Көрнекілік ретінде суреттерді қолданыңыз. Сондай қонақтар келгенде, жиналған халықтың арасында болудың қандай болатынын біраз идеялармен бөлісіңіз.</p> <p>Бүгінгі әңгімеде Исаның ерекше қонақ болғанын түсіндіріңіз. Ол Иерусалим қаласына соңғы рет кіріп келе жатты. Себебі Ол жуырда айқыш ағашта өлу туралы Құдайдың жоспарын іске асырмақ.</p> <p>Құдай Исаның қаншалықты ерекше екенін адамдардың түсінгенін қалады. Киелі кітапта Ол жайында: «Патшалардың Патшасы, Иелердің Иесі», - делінген. Осы маңызды күнде халық Исаны ескеру үшін, Оның Иерусалимге қалай кіретінін Құдайдың Өзі алдын ала жоспарлаған болатын.</p>
ҮЙРЕТУ	<ul style="list-style-type: none"> ● Иса мен Оның шәкірттері Иерусалимге жақындап қалғанда, Ол екі шәкіртін бір ауылға жұмсап, байлаулы тұрған есекті алып келулерін бұйырды. Иса оларға есекті шешіп, Өзіне алып келуін және біреу олардың не істеп жатқандарын сұраса, олар: «Ол Мырзамызға керек», - деп жауап беруге кеңес берді. (Лұқа 19:28-31) ● Балалардан шәкірттердің есекті қалай тапқандарын және оны Исаға қалай алып келгендерін көз алдарына елестетуін сұраңыз. Әлі ешкім мінбеген жас тайқардың үстіне біреу отырса, ол қалай әрекет етеді? Шәкірттер оның үстіне ер-тоқым ретінде шапандарын жапты. Содан кейін тайқар Исаның өзіне мінуіне қарсылық білдірмеді. (Лұқа 19:32-35) ● Иса тайқарға мініп, ілгері жүрген сайын, адамдар жамылғыларын жолға жайып отырды. Адамдар енді Оның Құдай жіберген ерекше Патша екенін білді. Әдетте патшалар соғысқа аттанғанда атқа мініп шыққан. Ал Исаның есекке мініп келуі Оның тыныштық алып келгенін білдіретінін түсіндіріңіз. Жиналған халық зор қуанышқа кенеліп: «Жаратқан Иенің атынан келе жатқан Патша жарылқанған!» - деп қатты дауыспен Құдайды мадақтай бастады. (Лұқа 19:36-38) ● Сол жерде Исаны ұнатпайтын және халықтың Оны осындай қошеметпен қарсы алғандарына наразылық білдірген басқалардың да болғанын назарға алыңыз. (Лұқа 19:39-40) Иса олардың жуық арада жоспарларын іске асырып, Өзін өлтіретінін білді. ● Мәсіхшілер Исаны өз өмірлеріне кіргізгенде, Құдайдың отбасының мүшесі болатындарын біледі. <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Исаға қарау</p>
ҮЙРЕНУ	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Жохан 1:12 осы аяттағы «қабылдау», «сенім арту» деген сөздердің бәрі Исаны қарсы алып, қабыл алу дегенді білдіретінін түсіндіріңіз. «Оны» деген есімдіктің Кім туралы айтып тұрғанын балалар түсіне алатынын тексеріңіз.</p>
ЕСТЕ САҚТАУ	<p>Сабақты қайталау үшін ШЫНДЫҚ / ЖАЛҒАН тұжырымдарын пайдаланыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> ● Иса мен Оның шәкірттері Иерусалимге кіріп келе жатты. ● Иса үш шәкіртін ауылға жұмсады. ● Олар есекке мінді. ● Иса есекке мінгенде, ол қарсылық білдірмеді. ● Адамдар жолға кілем жайды. ● Исаны бәрі қошеметпен қарсы алды. ● Мәсіхшілер үшін Иса - патшалардың Патшасы, Оны жақсы қарсы алу керек. ● Мәсіхшілер Исаны өз өмірлеріне қабылдағанда, Құдайдың отбасының мүшесі болады.

В4 1-әңгіме
Исаның сүйіспеншілігі / Исаның өлімі

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Адамдар Исаға жамандық істеді. Ал мәсіхшілер Исаның өлімге кесілуіне лайықсыз болғанына сенеді. • Алайда мәсіхшілер Исаның адамдарды күнәсынан құтқару үшін өлуге тиіс болғанына сенеді. <p>Негізгі аят: Лұқа 23:33 Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 23:1-26, 32-43 Жохан 3:16 (0-деңгейде Исаның сүйіспеншілігі мен Оның жер бетіне келу себебіне назар аудару)</p>
<p align="center">ТАНЫСТЫРУ</p>	<p>Бірнеше карточкаларға мына сөз тіркестерін жазып қойыңыз: досыңның ұятқа қалдыруы, сені себепсіз айыптау, сені мазақ қылу, біреудің саған дәрекі сөйлеуі. Осы сөздерге күнделікті өмірден мысалдар келтіріңіз. Балалар өз өмірлерінде болған осындай жағдайларды айтып, басқалар жамандық жасағанда, қандай сезімді басынан өткізгендері жөнінде бөліседі. Алайда біздің барлығымыз осындай келеңсіз жағдайлардың болмағанын қалаймыз.</p> <p>Иса да Өзіне жауыздық жасағанның қандай екенін білгенін түсіндіріңіз. Адамдар Исаға осы жамандықтың бәрін, тіпті, одан да сорақысын істеді. Бүгін біз Оның неліктен осындай азап шеккенін білетін боламыз.</p>
<p align="center">ҮЙРЕТУ</p>	<p>Сабақ барысында болған оқиғаларды ретімен орналастыру үшін көлденең сызықтың болғаны пайдалы. «Ерекше көшкі ас», «бақта сиынып мінажат ету», «тұтқыңдалу», «Пилаттың тергеуі», «ашулы халық», «айқышқа шегелеуге алып кету», «үш айқыш ағаш», «күнәсы кешірілген қылмыскер» деген қысқаша тақырыптарды карточкаларға қарапайым суретпен салып, жазып қою оқиғаның болу ретін және балалардың оқиғаны басынан аяғына дейін есте сақтауларына көмектеседі.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Исаның Иерусалимге кірген кездегі оқиғасына байланысты бірнеше сұрақтар қойып, балалардың есіне түсіріңіз. Бірнеше күннен кейін Иса шәкірттерімен бірге өлер алдындағы ерекше соңғы асын ішті. Содан кейін Ол сиыну үшін баққа барды. Мына көріністі сипаттаңыз: айнала қараңғы, тыныш, кенет топырлаған адамдардың аяқтарының дыбысы, Исаны тұтқындауда Яһуданың атқарған рөлі. Сол сәтте Иса қапаланып, қиналған шығар. Осы сезімді балаларға жеткізуге тырысыңыз. • Келесі күні Исаны әмірші Пилатқа алып келді. (Лұқа 23:1-4, 20-25) Оның сол кезде билік басында тұрған кісі болғанын және Исадан еш кінә таппағанын түсіндіріңіз. Ақыр соңында Пилат ашуланған халықтың қалағанын орындап, Исаны өлімге кесті. Біз үшін бұл әділетсіздік болып көрінгенімен, мәсіхшілер мұның адамдарды күнәларынан құтқару үшін іске асқан Құдайдың жоспары болғанына сенеді. • Исаны Иерусалим қаласының сыртына алып кетті. Шимон есімді адамға үлкен айқыш ағашты алып жүруге мәжбүрледі. (Лұқа 23:26) Олар төбеге жеткенде, жасақшылар Исаны айқышқа шегеледі. Дәл сол сәтте екі қылмыскерді де Исаның екі жағына шегелеп, өлім жазасына кескен болатын. Иса айқышта ілініп тұрған кезде, жасақшылар Оны келекелеп, ал қылмыскерлердің біреуі Оған дәрекі сөйледі. Екінші қылмыскер Исаның өздері секілді қылмыс жасамағанын білді. Ол өзінің жасаған қылмысы үшін өлімге кесілгенін, ал Исаның еш жамандық істемегенін түсінді. Ол Исаның Кім екенін түсініп, өзін еске алуын өтіңді. Иса оған дәл сол күні-ақ Өзімен бірге көкте болатынын уәде етті. (Лұқа 23:32-43) <p>Мәсіхшілердің көзқарасы бойынша, Иса өлуге лайықты емес еді. Бірақ Ол Құдайдың ұлы сүйіспеншілігін көрсетіп, адамдардың күнәсінің жазасын Өз мойнымен көтеру үшін азап шекті. Бұл Исаға сенетіндердің жұмақтағы мәңгілік өмірге ие бола алатындарын білдіреді.</p> <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Исаның өлімі</p>
<p align="center">ҮЙРЕНУ</p>	<p>Балалардың қабілетіне қарай негізгі аятты керек жерінде толық немесе жартылай үйретіп, түсіндіріңіз. Лұқа 23:33 Иса өлген жердің атауын түсіндіріңіз.</p>
<p align="center">ЕСТЕ САҚТАУ</p>	<p>Карточкаларды араластырып, балалардың оны ретімен орналастыруын сұраңыз. Кіші топтағы балаларға карточкалардың бірнеше көшірмесін жасап, екі топқа бөліп, жарыстыруға болады.</p>

В4 2-әңгіме**Исаның өлімі / Исаның өлімі және жерленуі**

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мәсіхшілердің сенімі бойынша Исаның өлімі басқалардікінен өзгеше болды, себебі Ол адамдардың күнәларының жазасын өтеді. • Мәсіхшілер Исаның ұлы сүйіспеншілігі үшін алғыс айтуды қалайды. <p>Негізгі аяттар: 1 Қорынттықтар 15:3, 4 Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 23:44-56</p>
ТАНЫСТЫРУ	<p>Күн мен түннің қалай ауысып отыратыны жөнінде әңгімелесіңіз. Біз түннің белгілі бір уақытта басталатынын білеміз. Мәсіхшілер мұны Құдайдың солай жаратқанына сенеді. Алайда Иса өлген күн өзгеше болды. Кенет ешқандай ескертусіз түс кезінде күннің жарығы сөніп, жер бетін қараңғылық басты. Қараңғылық үш сағатқа созылды. (Лұқа 23:44, 45) Ол неге бұлай болды?</p>
ҮЙРЕТУ	<ul style="list-style-type: none"> • Осы үш сағатта Құдай Исаны күнә үшін жазалағанын біз Киелі кітаптан оқып білеміз. Өткен аптадағы сабақ бойынша балалардан Исаның қандай азаптарды басынан өткізгені туралы сұраңыз. Иса бізді сүйгендіктен, осыған Өз еркімен барғанына мәсіхшілер сенеді. • Ақырында Иса мінажат етіп, Өз Рухын Құдайға тапсырды. (Лұқа 23:46) Осылай Иса Өзін жіберген Әкесінің тапсырмасын толық орындағанын білдірді. Қарапайым бір тапсырманы, мысалы, үй жұмысын орындап болғанда, енді басқа ештеңе істеудің қажеті жоқ екенін білгенде, қанағаттану сезімі болатынын айтып, балалардың естеріне салып көріңіз. • Содан кейін Иса жан тәсілім етті. Оның достарының қандай сезімде болғанын зерттеп көріңіз. Жүсіп есімді бір мейірімді досы Пилатқа барып, Исаның денесін сұрап алды. Ол денені айқыш ағаштан абайлап түсіріп, бәтеске орап, жаңа қабірге апарып қойды. Қабірдің кішкентай үңгір сияқты болғанын түсіндіріңіз. Содан кейін ол қабірдің аузын үлкен қақпақ таспен жауып қойды. (Лұқа 23:50-53) <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Исаның өлімі мен жерленуі</p>
ҮЙРЕНУ	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. 1 Қорынттықтар 15:3, 4 кіші топтың балалары аяттың екінші жартысын ғана айтуларына болады. Исаның басынан өткен барлық оқиғалар жүздеген жылдар бұрын Көне өсиетте жазылып қалдырылғанын балаларға түсіндіріңіз.</p>
ЕСТЕ САҚТАУ	<p>Сабақты қайталау үшін ШЫНДЫҚ / ЖАЛҒАН тұжырымдарын пайдаланыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Түс кезінде жер бетін қараңғылық басты. • Ол төрт сағатқа созылды. • Қараңғылық кезінде Иса күнәның жазасын Өзіне алды. • Иса әлмей тұрып, Әкесімен сөйлесті. • Исаның достары болып жатқан жағдайдың барлығын түсінді. • Жүсіп жасақшылардан Исаның денесін сұрады. • Ол денені бәтеске орады. • Ол денені ескі қабірге қойды.

В4 3-әңгіме
Исаның қайта тірілуі

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мәсіхшілер Құдайдың үш күннен кейін Исаны қайта тірілткеніне сенеді. • Мәриям қайта тірілген Исаны кездестіргенде қалай қуанса, бүгінгі күні мәсіхшілер де солай қуанады. <p>Негізгі аят: Римдіктерге 10:9 Киелі кітаптан үзінді: Жохан 20:1-18</p>
ТАНЫСТЫРУ	<p>Біз соңғы сабақта Исаның айқыш ағашта өлгені туралы оқыдық. Бұл Исаға сенетіндер үшін жақсы хабар екенін түсіндіріңіз. Исаның айқыштағы өлімі арқылы Құдай күнәның кешірілу жолын көрсетті. Оның жоспары іске асып, толық орындалды. Алайда Исаның достарының көңіл күйі болмай, қайғырды. Дегенмен, бұл ұзаққа созылған жоқ. Осы әңгіменің соңы қуанышпен аяқталды.</p>
ҮЙРЕТУ	<ul style="list-style-type: none"> • Исаның қабірге қойылуы мен қабірдің аузын бекіткен үлкен қақпақ тас жайында балалардың есіне салыңыз. Бүгін жексенбі, күн әлі қараңғы еді. Исаның өлгенінен бері үш күн өтті. Исаның жақсы достарының бірі Мәриям қабірге барды. Ол қақпақ тастың орнына алынып тасталғанын және қабірдің бос екенін көргенде, қалай таңғалғанын сипаттаңыз. Мәриям осыны айту үшін Петір мен Жоханға жүгіріп барды. Оның айтқан сөздерін айтыңыз. (Жохан 20:1-2) Олар бұл жаңалықты естігенде, қандай сезімде болды? • Петір мен Жохан осы жаңалықты ести сала, қабірге қарай тез жүгірді. Жохан алдымен жетіп, қабірдің ішіне еңкейіп қарады, ал Петір келе сала, қабірдің ішіне кірді! Қабірде бар болғаны Исаның денесін ораған бәтес орауыш қана жатты. Содан кейін Жохан да қабірге кірді. Жохан не болғанын бірден түсінді. Ол Исаның тірілгенін білді! (Жохан 20:3-9) • Ал Мәриям әлі де түсінбей тұрды. Петір мен Жохан үйлеріне кеткеннен кейін, ол сол жердегі бақта қалды. Ол үңгірдің алдында жылап тұрды. Қабірдің ішіне тағы еңкейіп қарағанда, оны таңғалдырған тағы бір жағдай болды. Екі періштені сипаттаңыз және Мәриямның олармен сөйлескен сөзін айтыңыз. (Жохан 20:10-13) • Содан кейін Мәриям бұрылып қарады, бақта ол танымайтын Біреу тұрды. Олардың әңгімелескен сөздерін қайталаңыз. Сол сәтте бейтаныс Біреу: «Мәриям!» - деп оның есімін атады. Кенет Мәриям Оның даусын таныды. Ол Иса ғой! Сол кезде Мәриям қандай сезімде болды? Оның қуанышы қойнына сыймады! Ол Исаны өз көзімен көрді. Ол шынымен тірі! Мәриям екінші рет шәкірттерге жүгіре жөнелді. Бұл жолы Мәриям оларға не айтпақ? (Жохан 20:14-18) • Қазіргі мәсіхшілер үшін де Иса тірі! Мәриям Исаны қабірде кездестіргенде қалай қуанған болса, Ол біздің өмірімізді де сондай қуанышқа кенелткісі келеді. <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Исаның қайта тірілуі</p>
ҮЙРЕНУ	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Римдіктерге 10:9 «Мойындау» сөзі басқаларға өз сеніміңді паш ету дегенді білдіретінін түсіндіріңіз. Мәсіхшілер Исаның өліп, қайта тірілгеніне сенеді.</p>
ЕСТЕ САҚТАУ	<p>Әңгімені қайталау үшін, баларға келесі сұрақтарды қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қабірге бірінші болып кім барды? • Мәриям қақпақ тасқа қарап, нені байқады? • Ол мұны кімдерге барып айтты? • Алдымен кім қабірге кірді? • Жохан қабірде дененің жоқ екенін көргенде, не істеді? • Мәриям жалғыз қалғанда, қабірден кімдерді көрді? • Періштелер Мәриямнан не сұрады? • Мәриямнан басқа бақта тағы Кім болды? • Ол Исаны қалай таныды?

В4 4-әңгіме**Исаның көкке көтерілуі мен қайтып келуі**

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мәсіхшілер Исаның көкке көтерілгеніне және Оның әлі сонда екеніне сенеді. • Мәсіхшілер Исаның қайтып келуін күтеді. <p>Негізгі аят: Елшілердің істері 1:11 Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 24:50-53, Елшілердің істері 1:4-12</p>
ТАНЫСТЫРУ	<p>Қоштасу сәттері жайында әңгімелесіңіз. Қоштасу сәттеріне байланысты мысалдар келтіріңіз. Мысалы, алыстан келген туысыңның біраз уақыттан кейін үйіне қайтуы немесе сыныбыңдағы бір оқушының басқа мектепке ауысуы, т.б.</p> <p>Өз өміріңізде болған жағдайлардан мысалдар келтіріңіз. Мүмкін, сіз қоштасқан адам кейін қайтып келуге немесе хабарласып тұруға уәде берген шығар. Уәде берудің өзі қоштасуды жеңілдетеді.</p>
ҮЙРЕТУ	<ul style="list-style-type: none"> • Иса қайта тірілгеннен кейін шәкірттері Онымен бірге тамаша уақыт өткізді. Олар Исаның не себепті құрбан болғанын енді жақсы түсінді. Алты аптадай уақыт өткенде, Ол Өзімен бірге он бір шәкіртін ертіп, Зәйтүн тауына барды. Ол Өзінің көкке оралатын уақытының келгенін түсіндірді. Шәкірттері жалғыз қалмайды, себебі оларға жуырда Киелі Рух деген ерекше Көмекші келмек. Кенет Иса олармен сөйлесіп болып, жоғары көтеріліп кетті. Шәкірттердің көкке қалай қарап тұрғандарын көрсетіңіз. Содан кейін бір бұлт Исаны көзден таса қылды. Сіз Исаның көкке көтеріліп кеткені туралы шындыққа сілтеме жасай аласыз. (2-деңгей) Шәкірттердің қандай сезімде болғандарын талқылаңыз. Олар абыржып, таңғалды ма? Өлде көңіл күйлері болмады ма? (Елш.іст. 1:8-9) • Сол сәтте жандарында екі періште пайда болып, олардың көкке неліктен қадала қарап тұрғандарын сұрады. Содан кейін періштелер Исаның көкке қалай көтеріліп кетсе, дәл солай қайтып келетінін айтты. (Елш.іст. 1:10, 11) • Шәкірттер сол төбеде қалып қалмай, Исаның уәде еткен Көмекшісін қабылдау үшін Иерусалимге қайтулары керек екенін білді. Олар зор қуанышқа кенелді. (Лұқа 24:52) Мұны кіріспе бөлімінде айтылған қоштасу туралы тақырыппен байланыстырыңыз. Шәкірттерінің Исаның Өз уәдесінде тұратынына сенгенін түсіндіріңіз. Бүгінгі мәсіхшілер Исаның уәделеріне сенеді. <p>Мәсіхшілер Исаның қазір көкте екеніне сенеді және Оның қайтып келуін күтеді. Олар мұның қашан болатынын білмейді, бірақ Ол міндетті түрде келетінін біледі. Олар Исаның Өз уәдесінде тұратынына сенім артады.</p> <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. “Исаның көкке көтерілуі мен қайтып келуі”</p>
ҮЙРЕНУ	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Елшілердің істері 1:11 бұл - ұзақ аят. Топтағы балалардың қабілетіне қарай аяттың бір бөлігін таңдаңыз. Мысалы, «...Иса көз алдарыңнан...» (2-деңгей) немесе періштелердің сөзін толық жаттаса да болады. (1-деңгей) Осы аяттың алдында болған оқиғаны балалардың есіне түсіріңіз. Бұл сөздерді кім айтты? Кімге айтылды? Қашан және қайда айтылды?</p>
ЕСТЕ САҚТАУ	<p>Әңгімені қайталау үшін мына сұрақтарды пайдаланыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Зәйтүн тауында Исамен бірге қанша шәкірт болды? • Иса шәкірттеріне қайда бара жатқанын айтты? • Олардың Кімді қабылдайтыны туралы уәде етті? • Исаны олардың көзінен не таса қылды? • Періштелер оларға қандай хабар жеткізді? • Шәкірттер содан кейін қайда барды? • Мәсіхшілер Исаның қашан қайтып келетініне сенеді? • Иса кімдер үшін қайтып келеді?

3-4-деңгейлер	В3 3-деңгей 1-сабақ. Бетания Тақырып: Апалы-сіңлілер	В3 4-деңгей 1-талдау. Бетания Тақырып: Үйде
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Лұқа 10:38-42 Негізгі аят: Лұқа 10:42 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иса Өзіне деген сүйіспеншілікті қызметтен жоғары бағалайды. 2. Мәсіхшінің өмірінде үй шаруасы немесе мектептегі жұмыс сиыну мен Құдайдың Сөзін оқудан маңыздырақ болмауы қажет. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Лұқа 10:38-42 Негізгі аят: Марқа 6:31 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер сенімдерінде жетіліп, Құдайды жақсырақ білу үшін Киелі кітапты оқу маңызды деп санайды. 2. Мәсіхшілер Құдайдың берген барлық нәрселері (мысалы, материалдық қажеттіліктер, рухани бағыт-бағдар) үшін алғыс айтып, сиынуды қалайды.
ТАНЫСТЫРУ	<p>Үйге бір маңызды қонақ келгенде, мұның қаншалықты ерекше болатынын балалардың көз алдарына елестетіп көрулерін сұраңыз. Мәриям мен Мартаның үйі Иса қонаққа баратын жалғыз үй болатын. Балалар Иса барған басқа үйді біле ме екен? Әлде білмей ме? Сұрап көріңіз, мына аяттарды қарастырыңыз: Лұқа 4:38, Лұқа 7:37, Лұқа 8:51, Лұқа 19:5. Мәсіхшілердің үйлерінде де Құдайдың сол жерде бар екені анық көрінуі қажет екенін айтыңыз.</p>	<p>Мәриям мен Мартаның Исаны жақсы көргендерін түсіндіріңіз. Бүгінгі әңгімеде олар екеуі де Исаға қызмет етуге араласты. Марта үй шаруасымен жүгіріп жүріп, өзінің қонағы Исаны елемегенін түсінбеді. Ол Исаның айтқанын естімеді, Одан үйренуге көңіл бөлмеді. Балалардан осы өмірде не нәрсені бәрінен жоғары бағалайтынын сұраңыз. Мәсіхшілердің өмірінде әр түрлі шаруалармен айналысу уақыты сиыну мен Киелі кітапты зерттеу уақытынан басым болмауы қажет.</p>
АЯҚТАУ / ТОЛЫҚТЫРУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Марта- «жұмысшы», ал Мәриям «табынушы» болды. Мәсіхшілер үшін жұмыс пен табыну бірге жүруі қажет. Табынудың мағынасын талқылаңыз. 2. Марта Исаға құрмет көрсеткісі келгенімен, Иса олардың өзара қарым-қатынасына көбірек қызығушылық танытты. Сол себепті Иса Мәриямның игілікті жағын таңдап алғанын айтты. (42-аят) Иса Марта мен Мәриям екеуінің Өзінің Сөзін естудің қаншалықты маңызды екенін түсінгендерін қалады. (1 Петір 2:2) <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуларына жігер беріңіз. 1-сабақты аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Апалы-сіңлілер</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Иса сиыну мен Киелі жазбаларды зерттеуге көңіл бөлді. Бұл - бүгінгі мәсіхшілерге үлгі. 2. Иса Мартаның үй шаруасының қамын көбірек ойлағаны үшін еш кінәлаған жоқ. Ол Мартаның өміріндегі негізгі басымдықтардың дұрыс орында тұрмағанын нұсқап, мейіріммен түзетті. 3. 42-аятта Иса қызметтен гөрі Құдайды жақсы көріп, Онымен уақыт өткізудің маңыздырақ екенін айтады. Бұл бүгінгі мәсіхшілерді Марта емес, Мәриям сияқты болуға шақырады. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуларына жігер беріңіз. 1-талдауды аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Үйде</p>
ҚАЙТАЛАУ	<p>Мәриямның Исаның аяқ жағына отырғанын айта кеткен жөн. (39-аят) Мәриямның кішіпейіл болып отырғаны оның Исаға деген құрметін көрсетеді.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бүгінгі күні мәсіхшілер Исаға қалай құрмет көрсете алатындары туралы балалардан сұраңыз. 2. Мына тізімдегі адамдар да Исаның аяқ жағында отырған. Матай 28:9, Марқа 5:22, Лұқа 7:38, Лұқа 8:35. Балаларды топтарға бөліп, осы аяттарды қарастыруын сұраңыз. Исаның аяқ жағында кімдердің отырғанын және мұның нәліктен маңызды болғанын балалармен бірге табыңыз. 	<p>Төменде берілген мәсіхшілік сенімді атап өту үшін негізгі аятты пайдаланыңыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Демалуға және Исаның сөзін тыңдауға уақыт бөлу қызметтің тиімді болуы үшін маңызды. (Марқа 6:31) 2. Құдай берген күнделікті тапсырмаларды барынша орындау қажет. (Марқа 6:7-13, Рим. 12:1) 3. Құдай Өзіне сенім артқандарға күш-қуат беретінін уәде етті. (Ишая 40:31)
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құдайға табыну мен жұмысты күнделікті өмірде тепе-тең ұстау. 2. Исаға құрмет көрсететіндей өмір сүру. 3. Көп қызмет етуден гөрі жақсырақ қызмет ету туралы көбірек қам жеу. 4. Құдайға сиыну мен Киелі кітапты оқудың орнына жұмыстың бірінші орында болмауын қадағалау. 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сиыну мен Киелі кітапты зерттеп оқу басымдықтарын қайтадан қарастыру. 2. Демалмау немесе немқұрайдылықтың кесірінен қызметтің әлсіреуіне жол бермеу.

3 - 4-деңгейлер	B3 3-деңгей 2-сабақ. Бетания Тақырып: Қайғының қуанышқа айналуы	B3 4-деңгей 2-талдау. Бетания Тақырып: Қабірде
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жохан 11:1-7, 17-44 Негізгі аят: Жохан 11:25 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер Исааның өлімді жеңетін құдіреті бар жалғыз Адам екеніне сенеді. 2. Исааның күнәдан құтқаруының арқасында Оған сенетіндер мәңгілік өмір сыйын қабылдады. (Ефест. 2:1) 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жохан 11:1-44 Негізгі аяттар: Жохан 11:25-26 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Елазардың өлімнен қайта тірілуі Исааның өлімді жеңетін құдіретінің бар екенін көрсетті. Қайта тірілу мәсіхшілік сенім үшін өте маңызды. Исааның тек Өзін ғана емес, сондай-ақ, басқаларды да өлімнен тірілтетін құдіреті болды. (Жохан 10:18) 2. Иса көз жасын жасырмады. (35-аят) Осылай Ол бүгінгі мәсіхшілердің басындағы қиындықтары мен қайғыларында қамқорлық көрсететінін және олармен бірге жылайтынын көрсетті.
ТАНЫСТЫРУ	<p>Балалардан Исааның жасаған кереметтерін естеріне түсірулерін сұраңыз және олардың қайсысын ең күштісі деп ойлайтындарын талқылаңыз. Бұл Исааның халық алдында жасаған соңғы кереметі болды. Иса соқыр адамды сауықтыра алғандықтан, (37-аят) Елазардың өлуіне Исааның неліктен жол бергені туралы кейбір яһудилерде сұрақтар пайда болды. Мәсіхшілер Исааның солай істей алатынына сенеді, бірақ Елазарды өлімнен қайта тірілтуі арқылы Иса 25-аятта: «Қайта тірілу - Менмін», - деп айтқан Өзінің сөздерінің рас екенін және құдіреті барын көрсетті.</p>	<p>Жоханның жазған Ізгі хабарында жазылған Елазардың өлімнен тірілуі жеті кереметтің соңғысы болғанын айтып, таныстырыңыз. Бұл керемет сол жерде тұрған көптеген яһудилердің Исааның Құдайдың Ұлы болғанына көздерін жеткізді және олар Исаға сенді. Алайда осы кереметті өз көздерімен көрген кейбір яһудилер Оған сенбеді. Олар Бетанияда болған оқиғаны парызшылдарға жеткізді және Исааны өлтірудің амалын іздеген болар. Балаларға бүгінгі жағдайдың да дәл сондай екенін айтыңыз. Исааның Құдай болғанын және кереметтер жасағанын қабылдайтын да, мұны жоққа шығарып, Оның жасаған кереметі туралы дауласатын да адамдардың бар екенін айтыңыз.</p>
ТОЛЫҚТЫРУ / АЯҚТАУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иса Мәриям мен Мартаның, Елазардың Бетаниядағы үйіне келгенді ұнататын. Бұл - бүгінгі мәсіхшілерге үлгі. Еврейлерге 13:16 2. Исааның Елазарды өлімнен қайта тірілтіп алғаны сияқты қазіргі мәсіхшілер Исааның мәңгілік өмір сыйлайтынына сенеді. Бұл мәңгілік өмір - Онымен қазіргі қарым-қатынасымыз бен жұмақтағы мәңгілік өміріміз. 3. Бұл әңгіме Исааның жанашыр Құтқарушы екенін көрсетеді. Иса көзіне жас алды (35-аят) және сол күні айналасындағы яһудилер Оның Елазарды қалай жақсы көретінін білді. (36-аят) Иса оларды да жақсы көрді, бірақ олардың көбі мұны түсінген емес. 4. Иса Елазарды қабірден шығуға шақырғанда, ол жаңа өмірге ие болды. Оның денесін ораған кебін, яғни, қабірге арналған киім шешілді. (44-аят) Ол Исааның құдіретінің тірі куәгері болды. <p>Негізгі аятты керек жерінде түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</p> <p>2-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Қайғының қуанышқа айналуы</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәриям мен Мартаның бауыры қайтыс болғанда, олар Исадан көмек сұрады. Себебі олар Исааның жасаған кереметтерін көрген еді. 2. Иса бұл жаңұяны жақсы көрді, бірақ олардың өтінішіне бірден жауап бермеді. Исааның өлімнен де үстем құдіреті бар екенін шәкірттеріне және яһудилерге паш ету үшін Елазардың өлуге тиіс болғанына мәсіхшілер сенеді. 3. Иса Елазардың қайтыс болғанына қайғырып, көзіне жас алды. 4. Иса өлген адамға тіл қатқанда, ол естіді және Исаға жауап берді. <p>Негізгі аятты керек жерінде түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</p> <p>2-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Қабірде</p>
ҚАЙТАЛАУ	<ol style="list-style-type: none"> 1. Елазарға жаңа өмір берілгендей, (44-45-аяттар) Исаға сенім артқандар да жаңа өмірге ие болды. Қолостықтарға 2:13 және 2 Тимоте 1:10-аяттарды оқып, «өлі» күнекарларға Иса қалай «жаңа өмір» бере алатынын балалармен бірге қарастырыңыз. 2. Елазардың жаңа өмірі Исааның құдіретінің оның өмірінде жұмыс істеп жатқанын дәлелдегендей, Исаға сенім артқандарға Ол Өзі үшін өмір сүруге күш беретініне мәсіхшілер сенеді. (Ефест. 2:10) 	<p>Қазіргі таңда адамдардың басына түсетін сынақтарын салыстыра отырып, сабақты қайталаңыз. Иса қиын жағдайларды игілікке айналдыра алатынына мәсіхшілер сенеді. Римдіктерге 8:28-аятқа сілтеме жасаңыз. Дұғамызға жауап келмей жатқанда немесе күтпеген жауап алғанда, қамығу сезімін жеңіп шығу үшін шыдамдылық қажет.</p>
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жаңа өмір үшін алғыс айту. 2. Иса Елазарды қалай сүйсе, біз де басқаларды солай сүйіміз қажет. 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Олар өлімнен кейін өмірдің бар екеніне сенімде, ал өмір сүрудің мақсаты – Құдайдың сүйіспеншілігін тарату. (Філіп. 1:22-23) 2. Олар қиындықтан өткенде, Иса бірге болады. Олар жылағанда, Иса да бірге жылайды.

3 және 4-деңгейлер	В3 3-деңгей 3-сабақ. Бетания Тақырып: Тағы да қонаққа келу	В3 4-деңгей 3-талдау. Бетания Тақырып: Дастарқан басында
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жохан 12:1-11 Негізгі аят: 1 Жохан 4:19 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер Исаны жақсы көреді және Оған ризашылықтарын білдірудің жолын іздейді. 2. Мәсіхшілер Исаға қызмет етуді кейінге қалдырмай, шынайы жүрекпен қазір қызмет етудің маңызды екеніне сенеді. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жохан 11:55-57, 12:1-11 Негізгі аят: Забур 94:6 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер Исаға беруге тым қымбат еш нәрсе жоқ деп санайды. Иса олардың ең жақсысына лайық. 2. Мәсіхшілер Жаңа Өсиетте көрсетілгендей, Исаның нұсқауларын орындауды мақсат етеді.
ТАНЫСТЫРУ	<p>Бетания қаласы Иса үшін ерекше естеліктердің орны болғанын түсіндіріңіз. Оқушыларға Мәриям мен Мартаның үйінде Иса ғибадат етудің маңыздылығын үйреткенін еске салыңыз. Екінші сабақта Иса Елазарды өлімнен тірілткенде, «Қайта тірілу - Өзі» екенін дәлелдеді. Бүгінгі сабақта Иса Бетаниядағы олардың үйіне қонақасына келді.</p>	<p>Жохан 12:1-11-аяттарында жазылған осы оқиға Марқа 14:3-9-аяттарындағы оқиғамен бірдей деп есептеледі. Иса Мәриямның Өзінің аяғына өте қымбат иіс май жағып, ғибадат етудегі шынайылығын мақтады.</p> <p>Хош иісті майлар жерлеу рәсімінде маңызды рөл атқарған. Жаратылыстың басталуы 50:2-3-аяттарды оқыңыз. 7-аятта Иса Мәриямның әрекетіне бұл Оның жерленуіне дайындық болғанын айтып, жауап береді.</p>
АЯҚТАУ / ТОЛЫҚТЫРУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер Мәриям, Марта және Елазардың Исамен бірге болып, тамақ ішіп, Онымен достық қарым-қатынаста болғандарын ерекше артықшылық деп санайды. (2-аят) 2. Мәриямның Исаның аяғына қымбат май жағып, шашымен сүртуі (3-аят) бүгінгі мәсіхшілерге Оған беруге тым қымбат еш нәрсе жоқ екенін, Ол солардың ең жақсысын алуға лайық екенін көрсетеді. 3. Яһуда иісмайды сатып, ақшасын мүсәпірлерге үлестіріп беру керек екенін айтып шағымданғанда, (5-аят) Иса оған әлемде әрдайым кедейлер болатынын және оларға басқалар мейірімділік көрсете алатынын еске салды. Ал Өзі күнәкарлар үшін өлуге айқышқа бара жатқан еді. Оның аз ғана уақыты қалған болатын. 4. Бас діни қызметкерлер Елазардың көзін құртудың амалын іздеді. (10-аят) Бұл олардың қайта тірілу ұғымына сенбегендігінен болуы мүмкін. Елазар Исаның өлгендерді қайта тірілтуге құдіретінің бар екендігінің дәлелі болды. Көптеген адамдар дәл осы себепті де бас діни қызметкерлерден бас тартып, Исаға ерген еді. <p>Негізгі аятты керек жерінде түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-сабақты аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Тағы да қонаққа келу</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Үй. Бетаниядағы үй (1-аят) біріншіден, қызмет ету мен нұсқау берудің, екіншіден, ғибадат ету мен қарым-қатынастың, үшіншіден, өлім мен қайта тірілудің орны болғаны туралы фактілерді қайталаңыз. 2. Қонақасы (2-аят) Исаға арналды. Мәриям мен Мартаның, Елазардың Исаны басты қонақ ретінде қарсы алуына толық негізі болды. 3. Майлау. (3-аят) Мәриям осылай Исаға сүйіспеншілігін көрсетті. Сүйіспеншілік жиі кездері құрбандықты талап етеді. 4. Мақтау. (7-9-аяттар) Бұрын-соңды айтылмаған биік марапат болды. Иса осы іс-әрекеттің тарихта қалатынын айтты. Матай 26:13-аятты оқыңыз. <p>Негізгі аятты керек жерінде түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-талдауды аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Дастарқан басында</p>
ҚАЙТАЛАУ	<p>Дәл осы әңгіме Марқа 14:3-9-аяттарда жазылған. 8-аятты оқып, аяғына иіс май жаққан әйел туралы Исаның не айтқанын табыңыз. Матай 26:6-13-аяттарда жазылған осы әңгімені оқыңыз. Сонда Исаның Өзінің өлімінен кейін Ізгі хабардың уағыздалатынын ғана емес, сондай-ақ, осы әйелді және оның істегенін еске алатынын айтты.</p>	<p>Осы талдауды қайталағанда, балалардың толық жауап беруіне көмектесетін сұрақтарды қойыңыз. Мысалы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Осы таңғажайып «өлімнен қайта тірілу» кереметіне қарамастан, неге адамдар Исаға күмәнмен қарады? 2. Мәриямның бір жылдық жалақыға тең иіс майды қолдануы оның Исаға деген көзқарасы туралы не айтады?
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшінің Исаға деген сүйіспеншілігі басқаларға қалай әсер етеді? 2. Көптеген яһудилер Исаға сенді, (11-аят) себебі олар Елазардың жаңа өмірі арқылы Исаның құдіретінің дәлелін көрді. Қазіргі мәсіхшілер Исаның құдіретін, жаңа өмір туралы ұғымды қай қырынан көрсете алады? 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Үй. Иса олардың үйінде көріне ме? 2. Қонақасы. Иса бірінші орында ма? 3. Майлау. Олар Исаны қаншалықты жақсы көреді? Олар Исаға ең жақсысын берді ме? 4. Мақтау. Иса Мәриямның қолынан келген нәрсені жасағанын айтты. (Марқа 14:8) Қазіргі сенушілер Иса үшін қолынан келгеннің бәрін істей ала ма?

3 және 4- деңгейлер	В3 3-деңгей 4-сабақ. Бетания Тақырып: Иерусалимге барар жолда	В3 4-деңгей 4-талдау. Бетания Тақырып: Иерусалимге барар жолда
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Лұқа 19:28-44 Негізгі аят: Жохан 1:12 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иса Иерусалимге кіргенде, соңынан ергендер Оның жасаған барлық құдіретті істері үшін мадақтап, ән шырқай бастады. 2. Иса Иерусалимге қарап, көзіне жас алды, себебі оның халқы Исадан бас тартып, Оған өмірлерінен орын бермеді. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Лұқа 19:28-41 Негізгі аят: Жохан 1:12 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер Иса өздерінің сенімін, сүйіспеншілігін, ғибадатын, қызметін және қолдарында барын Өзінің даңқы мен құрметі үшін пайдаланғанына риза болады деп сенеді. 2. Мәсіхшілер Исаны қазір адамдардың өмірінде бірінші орында болуы керек деп санайды, өйткені мұндай мүмкіндік бір күндері қажет болмай қалады.
ТАНЫСТЫРУ	<p>«Пальма жексенбісі» кездейсоқ болмағанын, керісінше, бұл туралы көп жыл бұрын пайғамбарлық сөздер айтылғанын түсіндіріңіз. Зәкәрия 9:9-аятына сілтеме жасаңыз, онда Исаның Иерусалимге салтанатты түрде кіруі шамамен 500 жыл бұрын алдын ала болжанған.</p>	<p>Исаның Иерусалим үшін жылағанына балалардың назарын аударыңыз. (41-42-аяттар) Оның халқы Исаны Мәсіх ретінде қабылдау мүмкіндігін жіберіп алды, бұл оларға бейбіт өмір әкелер еді. Бірақ енді тым кеш еді. Осының кесірінен алдағы жылдарда яһуди халқының басына апат төніп тұрғанын ескертті. Иса б.з.д. отызыншы жылы болжағандай, (Лұқа 19:43-44) Рим генералы Тит Иерусалимді қоршап алып, (б.з. 70 ж.) ғибадатхананы қиратып, оның тұрғындарын қырғынға ұшыратты. Иса Иерусалимге құтқарылу ұсынып келді, бірақ олар Оған орын бермеді. Сол себептен енді олар апатқа ұшырамақ.</p>
АЯҚТАУ / ТОЛЫҚТЫРУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иса айқыш ағашқа шегеленетін аптаның басында Иерусалимге салтанатпен кірді. (28-40-аяттар) 2. Шәкірттер шаттана Құдайды мадақтады. (37-аят) Олар «жерде...» деп айтудың орнына «көкте амандық пен тыныштық» деп қатты дауыстады. Себебі Исаның өлімі мен Оның көкке көтерілуі «көкте амандық пен тыныштық» орнатпақ. «Жер бетінде тыныштық болмады», өйткені олар Исаны, яғни, тыныштық сыйлайтын Әміршіні өлтіруді жоспарлады. 3. Иса Иерусалим үшін жылады, себебі оның халқы Оны қабылдамады және енді бәрі кеш еді. Олар өз мүмкіндіктерін жіберіп алды. (42-аят) 4. Иса айтқандай, б.з. жетпісінші жылы Рим генералы Титтің басшылығымен Иерусалим және оның халқы жойылды, себебі олар уақытты түсінбеді, (44-аят) яғни, Иса оларға құтқарылуды ұсынды, бірақ олар оны қаламады. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуларына жігер беріңіз. 4-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Иерусалимге барар жолда</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иерусалимге кіру. Зәкәрия 9:9-аятта айтылып кеткендей, Иса Иерусалимге біреуден уақытша алынған тайқарға мініп келді. Исаның Иерусалимге салтанатпен кіруін көргендер Оны 500 жылдан астам уақыт бұрын айтылған пайғамбарлық сөздің орындалуы деп білді. 2. Иерусалимге кіру уақыты. Иса ираилдіктердің бәрі Құтқарылу мейрамын тойлау үшін Иерусалимге жиналатын уақытты таңдады. 3. Халықтың үміті. Адамдар өздерінің көшбасшысы болады деп күткен патшаны бергені үшін Құдайды мадақтады. Алайда, Исаның мәңгілік патшалық орнатып жатқанын түсінген кезде, олар Оған қарсы шықты. 4. Парызшылдардың жауабы. Парызшылдар Исаның көпшілік алдында құрметке ие болғанына наразылық танытып, Одан халықты тыныштандыруын сұрады. Иса олардың жүректерінің тастай болып, қатып қалғанына қапаланды. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуларына жігер беріңіз. 4-талдауды аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Иерусалимге барар жолда</p>
ҚАЙТАЛАУ	<p>Әңгімені басшылыққа ала отырып, мәсіхшілердің Исаға жеке Құтқарушысы ретінде сенім артып, ерекше мән беретінін талқылаңыз. 2 Қорынттықтарға 6:2-аятқа сілтеме жасаңыз және оның осы әлем үшін салдарын қарастырыңыз.</p>	<p>Бұл талдауды Исаның өмірі контекстінде қарастырыңыз. Иерусалим - діни және саяси биліктің орталығы, яһудилер мен Рим әміршісінің қаласы болды. Исаның өміріндегі ең маңызды оқиғалардың көбі, соның ішінде айқышқа шегеленуі мен қайта тірілуі, осы жерде орын алды. Оның соңғы аптасы толығымен осы жерде өтті.</p>
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілердің күнәдан бет бұрып, құтқарылу үшін Исаға сенім артқандары нені білдіреді? 2. Негізгі аят Исаны Құдайдың Ұлы ретінде қабылдағандарға сілтейді. Бұл қандай мағынаны білдіреді? 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәңгілік өмірді қабылдау ұсынысы әлі қолжетімді ме? 2. Иса мәсіхшінің өмірін қалай қолдана алады? 3. Зәкәрия 9:9-аяттағы пайғамбарлық сөз жүзеге асты. Исаның екінші рет қайтып келетіні жөніндегі пайғамбарлық сөздерге деген мәсіхшінің көзқарасына бұл қалай әсер етеді?

3 және 4 - деңгейлер	B4 3-деңгей 1-сабақ. Иса Тақырып: Өлім	B4 4-деңгей 1-талдау. Иеміз Иса Тақырып: Оның өлімі
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Лұқа 23:1-26, 32-46 Негізгі аят: Лұқа 23:33 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Пилат Исадан еш кінә таппады, бірақ халықтың сұрағанын орындауға шешім қабылдады. 2. Иса екі қылмыскердің ортасында айқышқа шегеленді. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Лұқа 23:32-56 Негізгі аяттар: Жохан 15:13,14 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер өздерінің күнәкар әрі Құдайдың жазасына лайықты екенін мойындайды. 2. Иса өліп, қайта тірілгенде, олардың жазасын Өзі алып кеткеніне мәсіхшілер сенеді.
ТАНЫСТЫРУ	<p>Бұл сабақты оқушылардан Қайта тірілу мейрамының маңызын қалай түсінетіндерін сұрау арқылы бастаңыз. Бұл сабақтың алғашқы Қайта тірілу мейрамының оқиғасын баяндайтынын түсіндіріңіз. Сонымен қатар, бұл сабақта адамдардың Исаға деген қандай әр түрлі көзқарасы болғанын талқылаңыз. Мысалы, екі қарақшының бірі Оны Құдайдың Ұлы деп таныса, екіншісі мұны қабылдамады.</p>	<p>Исаның айқышқа шегеленуіне дейінгі оқиғалар мен Оның тұтқындалуы, соттың барысы, ФолҒотаға дейінгі жолы туралы қысқаша сипаттап беріңіз. Мәсіхшілер үшін Исаның айқыштағы екі қылмыскермен қарым - қатынасы бүгінгі таңдағы адамдардың Оған деген әр түрлі көзқарастарын бейнелейтінін түсіндіріңіз.</p>
АЯҚТАУ / ТОЛЫҚТЫРУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Пилат Исадан еш айып таппаса да, халықтың көңілінен шығу үшін Оны өлім жазасына кесті. (1-7, 13-25-аяттар) 2. Пилат пен Ирод бір-біріне қас болса да, екеуі Исаға қарсы шығып, өзара достасып алды. (12-аят) 3. Екі жағында екі қылмыскермен алты сағат бойы (таңғы 9-дан түскі 3-ке дейін) айқышқа керілген Иса Ишая 53:12-аяттағы пайғамбарлық сөздерді жүзеге асырды. 4. Сол жерде екі қылмыскер (ұры) болды (39-43-аяттар) бірақ олардың біреуі ғана Исаны Құдайдың Ұлы деп таныды. 5. Үш сағатқа созылған қараңғылық (44-46-аяттар) және Киелі үйдегі шымылдықтың ортасынан қақ айырылуы Исаның Құдайға апаратын Жол екенін көрсетеді. Еврейлерге 10:19-20 <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 1-сабақты аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Өлім</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Алты сағатқа созылған (таңғы 9-дан түскі 3-ке дейін) азап Ишая 53:12-аяттағы айтылған пайғамбарлық сөздердің орындалғанын көрсетті. 2. Күнәсіне өкінген қарақшының оқиғасы (Лұқа 23:43) оның шомылдыру рәсімінен өтпесе де немесе басқа да діни рәсімдерді бастан өткермесе де, жұмаққа барғанын көрсетеді. Мәсіхшілер үшін құтқарылу күнәға өкіну мен сенімге негізделген. 3. Екі қарақшы — Исаны сүйетін адамдар мен оны елемейтін адамдардың бейнесі. 4. Мәсіхшілер қараңғылық басқан үш сағатта (44-46-аяттар) Исаның олардың күнәлары үшін азап шегіп, Өзінің өлімі арқылы олардың Құдаймен қарым-қатынасын қалпына келтіргеніне сенеді. 5. Бұл әңгіме (50-56-аяттар) Жүсіптің жасырын шәкірт болса да, Исаның нағыз досы болғанын көрсетеді. Бұл Исаға көрсетілген лайықты жерлеу рәсімі арқылы дәлелденді. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 1-талдауды аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Оның өлімі</p>
ҚАЙТАЛАУ	<p>Исаның өліміне дейін 700 жыл бұрын жазып қалдырылған Ишая 53:12-аятты балалардың оқуын сұраңыз. Бұл жерде Киелі кітаптың жазылуы туралы талқылауға болады. Балаларды топтарға бөліп, айқышқа шегелену көрінісін сипаттайтын бірнеше газет тақырыптарын жазуды сұраңыз.</p>	<p>Исаның өлімінен 700 жыл бұрын жазылған Ишаяның 53 - тарауын балаларға оқытып, сабақты қайталаңыз және осы тарау Лұқа 23:32-ден 56-ға дейінгі аяттардан қалай көрінетінін талқылаңыз. Балалармен бірге Ишая 53-тараудан айқыш ағашта орындалған кейбір пайғамбарлық сөздердің тізімін жазыңыз.</p>
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер күнәларының кешірілгеніне қалай сенімді бола алады? 2. Осы үзіндідегі Исаның кешірімге деген көзқарасы жайында мәсіхшілер нені үйрене алады? 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жүсіптің үлгісіне қарай отырып, сенушілер Құдайдың сүйіспеншілігін бүгінгі күні қалай көрсете алады? 2. Кешірім берудің оңайға соқпайтын кездері туралы нақты мысалдар келтіріңіз және кешірім сұраған қылмыскерге Исаның қалай қарағаны туралы ойлаңыз.

3 және 4 - деңгейлер	B4 3-деңгей 2-сабақ. Иса Тақырып: Қайта тірілу	B4 4-деңгей 2-талдау. Иеміз Иса Тақырып: Оның қайта тірілуі
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жохан 20:1-18 Негізгі аят: Римдіктерге 10:9 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> Иса үш күн қабірде жатқаннан кейін, қайта тірілді. Мағдалалық Мәриям Оған өз сүйіспеншілігін көрсетті. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Лұқа 8:1-3, Жохан 20:1-18 Негізгі аят: Римдіктерге 10:9 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> Иса қайта тірілгенде, өлімді жеңгеніне мәсіхшілер кәміл сенеді. Мағдалалық Мәриям Исаның соңынан шын жүрегімен ерді.
ТАНЫСТЫРУ	<p>«Қайта тірілудің» мағынасын талқылаңыз және балалардан Исаның өлімнен тірілген адамдарын еске түсіруін сұраңыз. (Елазар - Жохан 11:44, Жайырдың қызы – Лұқа 8:55) Мәсіхшілер үшін қайта тірілту құдіреті тек Исада ғана бар.</p>	<p>«Қайта тірілудің» мағынасын талқылаңыз және балалардан Исаның өлімнен тірілген адамдарын еске түсіруін сұраңыз. (Елазар - Жохан 11:44, Жайырдың қызы – Лұқа 8:55) Мәсіхшілер үшін қайта тірілту құдіреті тек Исада ғана бар. Мәсіхшілер болашақта өлімдердің қайта тірілетініне сенетінін айтыңыз.</p>
АЯҚТАУ / ТОЛЫҚТЫРУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> Мағдалалық Мәриям, Петір мен Жохан Исаның қайта тірілгенінің дәлелін, яғни, бос қабірді өз көздерімен көрді. Петір мен Жохан үйлеріне қайтып кетті, ал Мәриям қабірдің сыртында жалғыз қалып қойды. Иса Мәриямның адалдығына бола оған жеке көрінді. Ол Өзінің Киелі Рухын Көмекші ретінде жіберетінін уәде етті. Иса оны шәкірттеріне жіберіп, Өзінің тірі екенін және Өзімен Ғалилеяда кездесулері тиіс екенін айтуға жұмсады. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуларына жігер беріңіз. 2-сабақты аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Қайта тірілу</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> Мағдалалық Мәриям өзінің Исаға деген адалдығын бос қабірге бәрінен бұрын келуімен дәлелдеді. Мағдалалық Мәриям, Петір мен Жохан Исаның қайта тірілгенінің дәлелін және бәтес орауыштың бүктелуі күйі жинаулы жатқанын көрді. Бұл Исаның қабірден кетуі асығыстық емес әрі тиянақты түрде болғанын білдіруі мүмкін, осылайша дененің ұрланғаны туралы дәлелді жоққа шығарады. Иса Мәриямның адалдығына бола оған жеке көрінді. Ол Өзінің Киелі Рухын Көмекші ретінде жіберетінін уәде етті. Иса оны шәкірттеріне жіберіп, Өзінің тірі екенін және Өзімен Ғалилеяда кездесулері тиіс екенін айтуға жұмсады. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуларына жігер беріңіз. 2-талдауды аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Оның қайта тірілуі</p>
ҚАЙТАЛАУ	<p>Бұл сабақты Исаның Өзінің қайта тірілуі туралы айтқан Жаңа Әсиеттегі келесі сілтемелермен байланыстырыңыз. Қайта тірілудің маңыздылығы мен мәнін талқылаңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> Матай 16:21, 17:23, 20:19 Лұқа 18:33, 24:7 1 Қорынттықтарға 15:3-4 	<p>Осы сабақты 1 Қорынттықтар 15:3-8, 12-20-аяттармен байланыстырыңыз және 4-аяттың Иша 53:9 әрі Забур 15:9-10-аяттарға қандай қатысы бар екенін көрсетіңіз.</p> <p>Исаны қайта тірілгеннен кейін көрген әр түрлі адамдар жайында (5-8-аяттар) және қайта тірілудің нәліктен маңызды екенін талқылаңыз. (20-аят)</p>
ӨМІРДЕ КОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> Тірі Құдайға қызмет етудің маңызы. Мәсіхшінің Құдайға деген сүйіспеншілігі оның өміріне қалай әсер ететіні жөнінде қарастырыңыз. 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> Иса қайта тірілгенде, Киелі жазбалардағы пайғамбарлық сөздер орындалды. Көне Әсиеттегі орындалған немесе әлі орындалмаған пайғамбарлық сөздерді ары қарай талқылаңыз. Мысалы, Исаның туған жері, шежіресі, Оны сатып кеткені, екінші рет келуі.

3 және 4 - деңгейлер	B4 3-деңгей 3-сабақ. Иса Тақырып: Көкке көтерілу	B4 4-деңгей 3-талдау. Иеміз Иса Тақырып: Оның көкке көтерілуі
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жохан 20: 19-29; Лұқа 24:50-53 Негізгі аят: Лұқа 24:51 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер Құдайдың Киелі кітап арқылы өздеріне сөйлейтініне сенеді. 2. Жохан жазған Ізгі хабардың мақсаты Жохан 20:31-аятта жазылған. Бұл – Исаға сену және мәңгілік өмірге ие болу. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Лұқа 24:45-53, Елшілердің істері 1:1-12 Негізгі аят: Лұқа 24:51 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иеміз Иса мәсіхшілерді Өзіне куәгерлер болуға әрі Өзі туралы басқаларға айтуға шақырған. 2. Мәсіхшілер Исаның Өзіне сенетіндерді көкке алып кету үшін бір күні қайтып келетініне сенеді.
ТАНЫСТЫРУ	<p>Біз көзімізбен көрмесек те, қолымызбен ұстай алмасақ та өзіміз сенетін көп нәрселерге орынды мысалдар келтіріңіз. Мәсіхшілік сенімнің көзбен көруге емес, бірақ Құдайдың Сөзі мен Исаға Мәсіхке сенім артуға негізделетінін түсіндіріңіз.</p>	<p>Өзіміз сүйетін адамдардың өлер алдында айтқан соңғы сөздерін жүрегімізге қалай сақтап қалатынымыз жайында талқылаңыз. Балалардан тарихта аты қалған ұлы адамдардың бірнеше соңғы танымал қанатты сөздерін естеріне түсіруін сұраңыз. Бұларды көкке көтерілер алдында Исаның айтқан соңғы сөздерімен салыстырыңыз. (Елш.іст. 1:8-9)</p>
АЯҚТАУ / ТОЛЫҚТЫРУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Исаның шәкірттерінің алдында пайда болуы жайында талқылаңыз және Оның: «Сендерге амандық пен тыныштық болсын!» - деп айтқан сөздерін ескеріңіз. (21-аят) Исаның өлімі мен қайта тірілуінің арқасында Оған сенгендер нағыз тыныштыққа кенеледі. 2. Иса сенбеуші Томаны мейіріммен түзетіп, Өзінің өлімнен қайта тірілген Мәсіх екеніне оның көзін жеткізді. 3. Тома сенімнің сөздерін жариялап, бағышталған түрде жауап қайырды. 4. Иса қайта тірілгеннен кейін қырық күн өткенде, Зәйтүн тауынан көкке көтеріліп кетті. Шәкірттер Исаның қайта тірілгені мен екінші рет қайтып келетіні үшін Құдайды мадақтап, Оған алғыс айтуға ғибадатханаға оралды. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-сабақты аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Көкке көтерілу</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иса шәкірттеріне Иерусалимде, Палестина жерінде және жердің шетіне дейін Өзіне куә болуларын бұйырды. (Елш.іст. 1:8) 2. Иса Зәйтүн тауынан көкке көтеріліп кетті. (12-аят) Мәсіхшілер Оның осы тауға қайтып келетініне сенеді. (Зәкәрия 14:4) 3. Ол адам денесінде шәкірттерінің көзіне көрініп, көкке көтеріліп кетті. Оның дәл осылай Өзі (Малахи 3:1) көзге көрініп, (Матай 24:30) қайтып келетінін Киелі кітап айтады. 4. Ол көкке қарай бұлттардың үстінде ғаламат құдіретпен, салтанатты ұлылықпен көтеріліп кетті және Ол дәл осылай қайтып келетін болады. (Матай 24:30) <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-талдауды аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Оның көкке көтерілуі</p>
ҚАЙТАЛУ	<p>Негізгі аятты үйретіңіз және осы сабақты Оның қалай қорытындылайтынын талқылаңыз. Шәкірттері Киелі Рух туралы уәденің орындалуын күткенін балалардың есіне салыңыз. (Лұқа 24:49)</p>	<p>1-ден 4-ке дейінгі тармақтардағы Киелі кітаптан берілген үзінділерді қарастырып, Исаның қайта тірілгеннен кейін көкке көтерілуі мен Оның жер бетіне қайтып келуін салыстырыңыз.</p>
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер Исаны өз көздерімен көрмесе де, Оның құтқаратынына қалай сене алады? 2. Иса көкке көтерілмес бұрын шәкірттерінің Өзіне қызмет етулеріне жігер берді. Мәсіхшілер бүгін Ол үшін қандай қызмет атқара алады? 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер үйде, мектепте немесе достарының арасында Исаға қалай куә бола алады? 2. Өз елдерін тастап, әлемнің басқа бөлігіне елшілік қызметке кеткен адамдар жайында ойланыңыз. 3. Исаның қайта тірілгені туралы Киелі кітапта өте көп дәлелдер келтірілген. Бұл – шындық.

3 және 4 - деңгейлер	B4 3-деңгей 4-сабақ. Иса Тақырып: Қайтып келуі	B4 4-деңгей 4-талдау. Иеміз Иса Тақырып: Оның екінші рет келуі
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 1:4, 8-12 Негізгі аят: Елшілердің істері 1:11 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> Исаға куә болып, Ізгі хабарды уағыздауы үшін Киелі Рухтың құдіреті керек. Мәсіхшілер Исаның көкке көтерілгеніне және жер бетіне қайтадан келетініне сенеді. Ол мәсіхшілерді Өзімен бірге көкке алып кетеді. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жохан 14:1-6, Елшілердің істері 1:9-11 Негізгі аяттар: 1 Салониқалықтар 4:16-17 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> Исаның жер бетіне екінші рет келетініне мәсіхшілер шүбәсіз сенеді. Мұның қай күні екені және уақыты белгісіз. Ол екінші рет келгенде, Мәсікке сеніп өлгендер тіріледі, олар сол кезде тірі жүрген сенушілермен бірге көкке көтеріледі.
ТАНЫСТЫРУ	<p>Болған жағдайдың, мысалы, келеңсіз оқиғалардың куәгері болудың мағынасы туралы әңгімелесіңіз. Шәкірттер Исаға куә болды. Олар жеке өз бастарынан өткен жағдайлар туралы бөлісті. Шәкірттерге куә болуға көмектескен құдіретті күшті мәсіхшілер Исаға жеке Құтқарушысы ретінде сенім артқанда қабылдайды.</p>	<p>Исаның адам боп жерге келетіні жайында Көне Өсиетте айтылған барлық пайғамбарлық сөздердің орындалғанын балалардың есіне салыңыз. Оның екінші рет келуі жайында айтылған барлық пайғамбарлық сөздердің де шүбәсіз орындалатынына мәсіхшілер сенеді. Өзіміз жақсы көретін адамдар алыс сапарға кеткенде, олардың оралуын қалай аңсап күтетініміз туралы талқылаңыз. Мәсіхшілер Исаның қайтып келуін аңсап күтеді. Титке 2:13-аятты қараңыз.</p>
АЯҚТАУ / ТОЛЫҚТЫРУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> Иса Өзінің шәкірттеріне алдымен Иерусалимде, содан кейін Палестина жерінде және ақырында жердің шетіне дейін Өзіне куә болуды бұйырды. (Елш.іст.1:8) Шәкірттерге Исаның қайтып келетіні туралы хабарлаған ақ киімді екі жігіт (Елш.іст. 1:10-11) қабірге келген әйелдерге қабірдің бос екенін және Исаның тіріліп кеткенін айтқан «киімдері найзағайдай жарқыраған екі ер адамның» (Луқа 24:4) өздері болса керек. Мәсіхшілер Исаның қайтып келуі Оның көкке көтеріліп кеткеніне ұқсас болатынына сенеді. Оның екінші рет қашан келетіні белгісіз. Сондықтан мәсіхшілер осыған дайын болудың маңызды екеніне сенеді. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-сабақты аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Қайтып келуі</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> «Ақ киімді екі жігіт» (Елш.іст. 1:10-11) Исаның жер бетіне қайтып келетінін шәкірттерге айтты. Олар Луқа 24:4-аяттағы қабірге келген әйелдерге Исаның тіріліп кеткенін хабарлаған періштелер болуы мүмкін екенін айтыңыз. Исаның Жохан 14:3-аятта айтқан уәдесін Елшілердің істері 1:11-аятта берген уәдесімен салыстырыңыз. Киелі жазбалардың шындық екенін түсіндіріңіз. 1 Салониқалықтар 4:16-17-аяттарды оқып, Исаның екінші рет келуі қандай болатынын түсіндіріңіз. Құлағымызбен ести алатын дыбыс – қатты дауыс, керней. Көзімізбен көре алатын көрініс – Иеміз Исаның Өзі. Сезіне алатын керемет – көкке көтерілу. Қуанышты кездесу – ауада «Иемізбен кездесу». Жайлылықты сезіну – «мәңгі бақи Иемізбен бірге». <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-талдауды аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Оның екінші рет келуі</p>
ҚАЙТАЛУ	<p>Матай 24:44, Луқа 12:20-аяттарды оқып, Иса Өзінің екінші рет келуі туралы айтқанда «түнде түсетін ұры» сияқты болатынын, себебі ұрының қай мезгілде түсетінін ешкім білмейтінін ескерткенін көрсетіңіз.</p>	<p>Исаның екінші рет келуінен мәсіхшілер қорықпайды. Мәсіхшілердің Исаның келуін аңсап күтетінін және Оған ұнамды өмір сүрулері қажет екенін Киелі кітап үйретеді. Титке 2:11-14-аяттар мен 1 Жохан 3:2-3-аяттарға сілтеме жасаңыз.</p>
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 2 Қорынтықтар 6:2-аят бойынша Исаның келуіне дайындалатын ең жақсы уақыт қайсы? Мәсіхшілерге Киелі Рухтың құдіретіне сүйену қаншалықты маңызды? 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> Мәсіхшілер әділ өмір сүріп, Иса қайтып келгенде адал болып қалғандары жөн. Мұның мағынасы қандай? Мәсіхшілер Мәсікке қалай адал куә бола алады?

А қосымшасы 0 және 1-деңгей Тегін Киелі кітап суреттері

	Тақырып	Әңгіменің суреттері
B3	Бетания	Исадан үйрену
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/btbm-mary-martha/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/dm-mary-martha/
		Иса арқылы өмір сүру
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/btbm-jesus-lazarus/
		Исаға деген сүйіспеншілік
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/btbm-jesus-anointed/
		Исаға қарау
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-palms-hosanna/
B4	Айқыш	Исаның сүйіспеншілігі/Исаның өлімі
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/lgr-jesus-passover-2/
		Исаның өлімі/Исаның өлімі мен жерленуі
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-jesus-dies/
		Исаның қайта тірілуі
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-jesus-alive/
		Исаның көкке көтерілуі мен қайтып келуі
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ndb-ascension/

А қосымшасы 2-деңгей Тегін Киелі кітап суреттері

	Тақырып	Әңгіменің суреттері
B3	Бетания	Исадан үйрену
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-065-mary-martha/
		Иса арқылы өмір сүру
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-lazarus/
		Исаға деген сүйіспеншілік
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-084-jesus-anointed/
		Исаға қарау
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-palms-hosanna/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-078-triumphant-entry/
B4	Айқыш	Исаның өлімі
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/lgr-jesus-passover-2/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ac-barabbas/
		Исаның өлімі мен жерленуі
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/lgr-jesus-passover-2/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-099-jesus-burial/
		Исаның қайта тірілуі
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/lgr-jesus-passover-3/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-resurrection/
		Исаның көкке көтерілуі мен қайтып келуі
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-107-jesus-ascension/

В қосымшасы 3-деңгей Киелі кітаптан тегін суреттері

	Тақырып	Әңгіменің суреттері
В3	Бетания	Апалы-сіңлілер
		https://www.freebibleimages.org/photos/lumo-mary-martha/
		Қайғының қуанышқа айналуы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-070-lazarus-dies/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-071-lazarus-resurrection/
		Тағы да қонаққа келу
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-084-jesus-anointed/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/mary-anoints-jesus/
		Иерусалимге барар жолда
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-jerusalem/
В4	Айқыш	Өлім
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-093-mocking-jesus/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-096-jesus-crucifixion/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-098-jesus-dies/
		Қайта тірілу
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-101-jesus-resurrection/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-102-appearance-mary/
		Көкке көтерілу
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-104-appearance-thomas/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-107-jesus-ascension/
Қайтып келу		
https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-ascension/		

С қосымшасы 4-деңгей Киелі кітаптан тегін суреттер

	Тақырып	Әңгіменің суреттері
В3	Бетания	Үйде
		https://www.freebibleimages.org/photos/lumo-mary-martha/
		Қабірде
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-lazarus/
		Дастарқан басында
		https://www.freebibleimages.org/photos/jesus-anointed/
В4	Айқыш	Иерусалимге барар жолда
		https://www.freebibleimages.org/photos/triumphant-entry/
		Оның өлімі
		https://www.freebibleimages.org/photos/jesus-crucified/
		https://www.freebibleimages.org/photos/jesus-dies/
		Оның қайта тірілуі
https://www.freebibleimages.org/photos/jesus-alive/		
Оның көкке көтерілуі		
https://www.freebibleimages.org/photos/lumo-ascension/		
Оның екінші рет келуі		
https://www.freebibleimages.org/photos/lumo-ascension/		



© Bible Educational Services 2023

www.besweb.com